

2. Заңды тұлғалар теңіз және өзен көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдаған кезде, сондай-ақ көлік құралдарын пайдаланған кезде Кеме қатынасы қауіпсіздігі мен экологиялық нормаларды қамтамасыз етуде, көлік қызметін тұтынушылар құқығын қорғау мен монополияға қарсы заңдар талабын іске асыруда лицензиялық нормалар мен шарттардың бұзылуын анықтау мен болдырмау мақсатында лицензияланатын қызмет бақыланады.

3. Теңіз және өзен көлігінде лицензиялық нормалар мен шарттардың сақталуына бақылау жүргізу Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің лауазымды тұлғаларымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

4. 3-тармақта көрсетілген органдардың лауазымды тұлғалар теңіз және өзен көлігінде лицензияланатын қызмет үшін бақылауды жүзеге асырған кезде мынадай құқықтарға ие болады:

- аумақтарға, акваторияларға, порт құрылыстарына, кемелер мен жүзу көлік құралдарына, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және лицензиялық қызметі жүзеге асыратын кәсіпкерлерге кедергісіз кіруге;

- лицензияда, экология талаптары мен нормаларда кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен теңіз және өзен көлігінің қызметін тұтынушылар құқығын сақтауда қарастырылған шарттардың орындалуын растайтын қажетті құжаттарды тексеруге алуға.

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

II. Бақылауды ұйымдастыру

5. Лицензиялық нормалар мен шарттардың сақталуын бақылау лицензиялық қызметке қойылатын талаптарға жүзу көлік құралдарының сай болуын растайтын құжаттарды тексеруді қоса теңіз және өзен көлігінде лицензияланатын қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді және кәсіпкерлерді тексеру жолымен жүргізіледі.

6. Тексеру былайша жүргізіледі:

- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық басқармаларының бастықтарымен бекітілетін жоспарлар мен кестелерге сай жоспарланған тәртіпте;

- заңды және жеке тұлғалардың арыз-шағымдары мен өтініштері, мемлекеттік басқару және бақылау органдарының тапсырмалары бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі басшылығының шешімімен жоспардан тыс тәртіпте;

- анықталған кемшіліктерді жоюға бақылау жасау тәртібімен.

екінші және үшінші азат жолдарда көрсетілген негіздермен тексеру жылына бір реттен асырылмай жүргізіледі.

Көлік және коммуникациялар министрлігінің жүйесіне кіретін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар өкілетті лауазым тұлғаларының тексеру жүргізулерінде жәрдем жасауға және көмек көрсетуге міндетті.

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша Көліктік бақылау басқармалары мына негізгі мәселелер бойынша тексерулер жүргізеді:

- лицензия бар екендігі, лицензияда көрсетілген түрге қызметтің сәйкестігін, лицензия мерзімі мен әрекет аймағының сақталуын, сондай-ақ жүзу көлік құралдарында есеп құжатының бар екендігін;

- лицензияланатын қызметті орындауды қамтамасыз ететін лицензия алған кезде құжаттарды көрсетілген материалдық-техникалық базаға сәйкестігін;

- орындалатын қызметтің су көлігі кемелерінде қызмет ету Жарғысының талаптарына, қолданылып жүрген халықаралық шарттар мен келісімдерге, жүктер мен жолаушылар тасымалдарының ережелеріне, тұтынушының өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, сапалы қызмет көрсету және тұтынушының мүлкін сақтауға міндетті талаптарды белгілейтін өзге нормативтік актілерге сай болуын;

- теңіз және өзен флоты кемелерінің командалық құрамында осы кеме түрін немесе жүзу құралдарын жүргізуге пайдалануға құқықты растайтын құжаттардың бар екендігін;

- өткен тексерулерде анықталған кемшіліктердің жойылғанын;

- лицензия шартын сақтау бойынша бақылаушы және қадағалаушы органдардың нұсқаулары мен талаптарын орындау;

- лицензия нормалары мен ережелерін басқаша бұзуларды анықтау.

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

8. *Тармақ алынып тасталды - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .*

9. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық басқармаларының өкілетті лауазым тұлғалары теңіз және өзен көлігінде лицензиялау шарттарын сақтауды тексеруге инспектрлеу актісін (бұдан былай мәтін бойынша - акті) және тапсырмадан тыс жүргізілген тексеру барысында лицензиялау туралы заңдар бұзылғаны анықталған жағдайда әкімшілік құқық бұзу жөнінде хаттама құрастыруға

Қ Ұ Қ Ы Қ Т Ы .

Ескерту: 9-тармақ өзгертілді - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

III. Бақылаудың және лицензия шартын бұзу жағдайы анықталғанда қабылданған шаралар нәтижесі

10. Астана мен Алматы қалалары бойынша Көліктік бақылау басқармалары бұзуларға және олар бойынша қабылданған шараларға есеп жүргізеді, сондай-ақ лицензия алушы жағынан болған бұзуларды жоюына бақылау жүргізеді және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетіне есеп береді .

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

11. Лицензиялық заңнаманы бұзулар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылады .

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

12. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық басқармаларының басшылары жүзу қауіпсіздігіне және қоршаған ортаның ластануына қауіп төндіретін, лицензиялық нормалар мен ережелердің сақталмаған жағдайда тексеру актілерінің негізінде қолданылып жүрген заңдарға сай кемшіліктер жойылғанға дейін жүзу көлік құралдарының лицензия әрекетін тоқтату үшін лицензия берушіге ұсыныс табыс е т е д і .

Ескерту: 12-тармақ өзгертілді - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

13. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық басқармаларының лицензиялау шарттарының орындалғанына тексеру жүргізу туралы есеп берулеріне талдау жүргізеді және заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарға а қ п а р а т т ы ұ с ы н а д ы .

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

14. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетімен ұсынылған құжаттар негізінде қажет болуына қарай мына шешімдерді қабылдайды:

- тоқтатылған себебі көрсетіле отырып, алты айға дейінгі мерзімге лицензия күш і н т о қ т а т у т у р а л ы ;

- лицензияда жазылған талаптарды лицензия алушы орындамаған жағдайында сот тәртібімен лицензияны қайтып алу.

Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығымен .

15. Лицензия алушының лицензия күші тоқтатылған шешімді сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.

N 1 Қосымша

И Н С П Е К Т Р Л Е У А К Т І

Теңіз және өзен көлігінде лицензиялау шарттарының сақталуын тексеру туралы

199__ж."__"_____

N _____

(тапсырма беру журналы

бойынша)

(лицензия алушының толық аты)

(лицензия N, сериясы) (есеп құжатының N , сериясы)

(кәсіпорын басшысының (заңды тұлғаның) Ф,А,Ә)

(иесінің (жеке тұлғаның) Ф,А,Ә)

(лицензияланатын қызметке жауапты тұлғаның Ф,А,Ә,)

(лицензия иесінің пошталық толық мекен-жайы, телефон)

Негізі _____
(тексеруге тапсырма берген органның аты, құжаттың берілген күні мен нөмірі)

Тапсырма _____
(инспектрлеу мақсаты)

Құрастырылған _____

(тексеруге қатысушы лауазымды тұлғалардың Ф,А,Ә, бақылаушы органның аты)

Қатысушылар _____

(лицензияланатын қызметтің субъектісі жауапты тұлғасының лауазымы Ф,А,Ә,)

(тексеру объектісінің аты, лицензияланатын қызметтің түрі)

(лицензияланатын қызмет талаптарының санаты)

1. Тексеру нәтижесі _____

2. Бұзу себептері _____

3. Тұжырымы _____

Қосымшалар: _____

Акт _____ беттен _____ данада және жіберілді(тапсырылды):

- 1. _____
- 2. _____
- 3. _____

Тексерушілер _____
(фамилиясы, аты-жөні) (қолы)

Тексеруге қатысушылар _____
(фамилиясы, аты - жөні) (қолы)

Актінің бір данасын алды:
Кәсіпорын басшысы (кәсіпкер),

кеме капитаны, лицензиялауға жауапты

_____ (фамилиясы, аты - жөні) _____ (қолы)

№ 2 Қосымша

Н Ұ С Қ А М А

**Теңіз және өзен көлігінде лицензиялау шарттарының
бұзылғанын жою жөнінде**

_____ (лицензияланатын қызметті жүзеге асыратын кәсіпорынның басшысының лауазымы, Ф,А,Ә)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж.27.05. N 885 "Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігімен жолаушылар мен жүктердің тасымалдарын лицензиялау шарттары мен тәртібі туралы" Ережеге сай және материалдар негізінде _____

(материалдар, актілер, рапорттар, хаттамалар тізімі)
Лицензия шарты бұзылғанының белгілі фактілері:

_____ (бұзу жасалған орын мен уақыты, бұзу жағдайы, жүзу құралы),

_____ (тіркеу порты, бұзу жасаған тұлғаның қызметі, Ф,А,Ә)
Осыған қатысты мына нұсқаулар беріледі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Нұсқаманы (тапсырма) танысуға берген күннен бастап 10 күннің ішінде қабылданған шаралар туралы _____

_____ (Көлік инспекциясы бөлімінің аты)
мекен-жай бойынша _____
(пошталық толық мекен-жайы)

_____ Көлік инспекциясындағы бөлім (қолы)
басшысының қызметі және Ф,А,Ә
Тапсырманы алған
Лицензиялауға жауапты кәсіпорын
басшысы (кәсіпкер), кеме капитаны

_____ (фамилиясы, аты - жөні) _____ (қолы)

№ 3 Қосымша

Т А П С Ы Р М А

Теңіз және өзен көлігінде лицензияланатын объектілерді тексеруге (инспектрлеу)

199 ____ " ____ " _____ N _____

(тапсырма беру журналы бойынша)

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

(тексерушілердің қызметі Ф,А,Ә) Тексерілетін
объектілер: _____

_____ дейін _____ күнге
(т е к с е р у м а қ с а т ы)

(тексеруге тапсырма беру)

_____ (басшының Ф,А,Ә және қызметі) _____ (қолы)
органның мөрі

Лицензиялауға жауапты кәсіпорын
Басшысы (кәсіпкер), көлік кемесінің
Капитаны тапсырманың көшірмесін алды.

_____ (Ф, А, Ә,)

_____ (қолы)